

FTAMP 17.01.11

Ізбай Іңкәр Өмірбекқызы¹

¹С. Демірель атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

Аңдатпа. Мақаланың кіріспе бөлімінде жалпы хронотоп терминінің шығу тарихына, ғылыми айналымға енгізген ғалымдар мен зерттеушілер берген анықтамаларға шолу жасалып, қазақ әдебиетіндегі уақыт және кеңістік категориясының зерттелуі қозғалған. Сонымен қатар М.Мағауиннің «Жармақ» романында көрініс беретін тарихи көркем уақыт пен кеңістік категориясына бойынша талдаулар жүргізіліп, тұжырымдар жасалды. Романда баяндалған негізі сюжет желісі екі тұлғалық бөліністі қамтиды, ал автор оқиғаны уақыт пен мекеннің адам санасынан тыс өзгеріп отыруы арқылы дамыта түскен. Уақыт пен кеңістіктің өзгеріп отыруына кейіпкердің эмоционалды-психологиялық жай-күйі, темпоралды ритм қозғалысы мен өзгерісі де әсер еткен. Романдағы метафизика, эстетика, этиканың байланысы және бір уақыт шеңберінде болған бірнеше әрекет, кейіпкер тұрған кеңістіктің өзгеріп отыруы қарастырылды. Оған қоса автордың әдеби шығармадағы көркем уақыт пен кеңістікті берудегі тілдік қолданыстарының маңызы туындыдан алынған мысалдармен дәйектелді.

Түйін сөздер: Уақыт, кеңістік, хронотоп, зерттеу, филология, жаратылыстану, роман, психология, эстетика.

Abstract. In the introductory part of the article, an overview of the history of the origin of the term chronotope was conducted. In general, the definitions given by scientists and researchers introduced into scientific circulation and told about the category of time and space in Kazakh novels. The analysis was also carried out and conclusions were drawn on the category of historical, artistic time and space reflected in M. Magauin's novel "Zharmak". The basis of the novel is that the storyline is based on the division of the personality of one person into two parts. The author developed the story through changes in time and place beyond the limits of human consciousness. The change in time and space was also influenced by the emotional and psychological state of the hero, movement and a change in temporal rhythm. The interrelation of metaphysics, aesthetics, ethics was considered. There are also several actions taking place in the same time interval, changing the space in which the character is located. In addition, the importance of the author's linguistic use in a literary work in the transmission of artistic time and space was supported by examples from the work.

Keywords: Time, space, chronotope, research, philology, natural sciences, novel, psychology, aesthetics.

Аннотация. Во вводной части статьи был проведен обзор истории происхождения термина хронотоп. В целом, определений, данных учеными и исследователями, введенными в научный оборот и рассказано о категории времени и пространства в казахских романах. Также был проведен анализ и сделаны выводы по категории исторического, художественного времени и пространства отраженные в романе М.Магауина «Жармак». Основа романа состоит в том, что сюжетная линия построена на разделении личности одного человека на две части. Автор развил историю через изменения времени и места за пределами человеческого сознания. На изменение времени и пространства также повлияло эмоционально-психологическое состояние героя, движение и изменение темпорального ритма. Было рассмотрено взаимосвязь метафизики, эстетики, этики. Также несколько действий, происходящих в одном и том же временном интервале, изменение пространства, в котором находится персонаж. Кроме того, важность языкового употребления автора в литературном произведении в передаче художественного времени и пространства было подкреплено примерами из произведения.

Ключевые слова: Время, пространство, хронотоп, исследование, филология, естествознание, роман, психология, эстетика.

Жаратылыстану және математика ғылымдары негізінде пайда болған хронотоп терминін алғаш рет ғылыми айналымға орыс физигі А.А.Ухтомский енгізді. Біраз уақыт жаратылыстану ғылымдарына негізделіп келген термин атауын М.М.Бахтин әдеби әлемдегі уақыт пен кеңістік сызығында орын алатын көркемдік шындықты сипаттаушы ұғым ретінде ұсынды. Қазіргі филология ғылымында уақыт пен кеңістіктің құрылымын сипаттайтын бірнеше бағыттар қалыптасқан. Кеңістікті зерттеу негізгі үш бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыт бойынша шығармадағы оқиғалардың мағыналық бірлігі, себепті-бірзділік арқылы емес, «таным кеңістігіндегі» ішкі рефлексиялық бүтін логика негізінде ашылады. Екінші бағыт С.Ю.Нехлюдова мен Ю.Л. Лотманның тұжырымдамасымен байланысты. Зерттеушілер көркемдік кеңістікте әдеби шығармада құрлымдық сипатқа ие мағынаны беретін моделдеу тіліне сүйенеді. Үшінші бағыт, кеңістікті уақыт және кеңістік бірлігін беретін хронотоптың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл бағыт М.М.Бахтиннің теориясы негізінде дамыды.

Қазақ романдарын көркемдік уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдауды бір жолға қою, қазақ әдебиеттану саласында кезек күттірмейтін істердің бірі. XIX-XX ғасырда әдеби шығармаларда кеңістік пен уақыт мәселесі тарихи уақыттың ішінде қарастырылды. Таптық және партиялық талаптардың құрсауында қалған идеологияның тұтас бір ғалымдық

кеңістікке ұмтылуы, діни сеніммен астасып кету қаупін туғызды. Әдеби әлемде көзге көрінбейтін шек орнатылды.

Соған қарамастан М.Әуезов секілді ұлы жазушылар психологиялық күйді тығырққа тірейтін мұндай шектеулерден әрі асып кете алды. М.Әуезов «Абай жолы» романында кеңістіктің баламасы ретінде аспан мен бәйтерек ұғымдарын қолданған. Абай өмір сүрген кезең шығармада көркем уақыт шегін Алып Бәйтерек сипаттаса, көркем кеңістікті Мәңгілік көк аспан құрайды[4,1126]. Осы секілді қазақ романдарында уақыт пен кеңістік мәселесі айрықша көрінетін туындылар өте көп. Күні-бүгінге дейін мағыналық, көркемдік тұрғыдан талдаулар, мақалалар жарық көрсе де уақыт және кеңістік категориясы тұрғысынан зерттеу кенже қалып келе жатыр.

Өз кезегінде тың зерттеулер мен талдауларды қажет ететін қазақ әдебиетінің жауһар туындыларының бірі М.Мағауиннің «Жармағы». Ғылыми тұрғыда әдеби шығарманы оқып, тек баяндау жеткіліксіз. Автордың өмір шындығын беруде шығармаға көркемдік шындықты кіріктіру жолдары, әлем әдебиетінде өзекті болып отырған уақыт сызығында оқиғаның берілуі, оқиғаның өту орны, өзгерісі, толқынысы тұрғысынан қарауды қажет етеді. Осыған қатысты Тұрсын Жұртбай әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістікке өзіндік анықтамасын беріп кетеді. Көркем уақыт суреткер берген қоғам мен сол қоғамда өмір сүрген адамдардың психологиясынан хабар береді. Көркем кеңістік – уақытқа тәуелсіз, шындыққа жақын. Көркем уақытты бір ғана сөз не сөйлеммен немесе екі адам арасындағы аз диалогпен бүтін бір дәуірді бүгінгі күнге әкелуге, заман мен кезеңдердің орнын оңай алмастыруға, тіпті дәл осы шақты бір мезетке тоқтатып қоюға болады. Екі нәрсені қатарластыра салыстырып отыру да автордың еркінде екенін көрсетеді[4,1126]. Десек те ол уақытты қалағаныңша бұрмалап басқару дегенді білдірмейді. Шығармада өзіндік берілу қиысыны мен жолы, заңдылығы бар.

Уақыт пен кеңістік туралы жеке тұлғаның өз түсінігі мен философиясы бар. Сол сияқты кез келген көркем туындыда өзіне ғана тән көркем уақыт пен кеңістігі болады. Шығармадағы кеңістік пен уақыт әлемдік, ұлттық, халықтық және жекелік сипаттарға ие. Оған суреткердің дүниетанымы, ұлт психологиясы, философиялық көзқарасы, эстетика, авторлық ұстаным әсер етеді. Сонымен қатар жалпы: сюжеттік, фабулалық, эпизодтық, мифтік, тарихи, реалды, перцептуалды, концептуалды, тіпті мистикалық, фантастикалық уақыт пен кеңістік категориялары да кездесіп отырады [7]. Олар да өз ішінде бірнеше бөлімдерге бөлінеді. Бұл аталған мәселені зерттеу аясының ауқымдылығы мен күрделілігінен хабар береді.

Қазақстанның халық жазушысы, тарихшы, қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы күні бүгінге дейін зерттеушілер мен әдебиетшілер арасындағы екі жақты пікір

калыптасырып, талқыға түсіп келе жатқан тұлғасы биік туындылардың бірі. Жазушының бұл шығармасы басқа туындысынан бөлек. Бөлектігімен де дау туғызып, сын мен мадақтаудың бел ортасында келе жатыр.

Аталған роман жазушының уақыт және кеңістік тұрғысынан ең көп көрініс беретін ерекше туындысы. Романда баяндалған оқиға тұлғалық екі бөлініс аясында өрбиді. Басты кейіпкер Мұраттың қырық жыл өзі секілді егізінен, нақтырақ екінші Мұраттың бар екендігінен бейхабар өмір сүргендігі бір сәтте әшкере болады. Қызығы екінші жарты оның егізі емес, екіге бөлінген өзі екендігі. Есімі де басқа. Марат. Автор есімдегі төл «ұ» әріпі мен интернационал «м» әріпіне мәнмәтін үстейді.

Бір тұлғаның екіге бөлінер алдындағы біртұтастығын Г.Бельгер «Жармак» романы туралы бірер сөз атты мақаласында былайша келтіреді: Сонау бір жастықтың арайлы шағында бұл тұлға құйылған құрыштай сом, бүтін болатын: бір жүрек, бір жан, бір интеллект, яки мұрат-мүдде, ынта-жігер, өткен өмір, табиғи қалып, білімге құштарлық, мінез-құлық, махаббат, арман – бәрі біртұтас еді[3,71б.]. Яғни құйылған сом құрыштың екіге жарылуы қаншалықты қиын болса, бұл да адам болмысында орын алуы екіталай құбылыс. Бір жанның бөлінуі, жүректің екіге бөлінуіне, ол ақылдың екі жартыға айналуына әкелген. Одан кейінгісі осы негізі бөліністердің салдары болып тұр. Шығармада ең негізі оқиға – бір адамның екіге бөлінетін уақыты және ол бірден дүйім жұртқа белгілі болған құбылыс емес. Кейіпкердің өзі бірнеше жыл алаңсыз ғұмыр кешкен соң адам айтса сенгісіз шындықпен бетпе-бет келеді. Уақыт – адамдарға осы шақтан өткен мен болашаққа өтіп, саяхаттауға мүмкіндік беретін шексіз мұхит. Сол секілді романдағы уақыт пен кеңістік бірнеше категориядан көрініп отырады. Бастапқыда автордың дүниетанымдық уақыт пен кеңістігі айқын байқалса, оқиға желісі шиеленісе келе фантастикалық уақыт пен кеңістік категориясына ауысады. Шығарма ең алдымен автордың қолына табысталған қолжазба несі турасындағы әңгемеден басталады. Бұл бөлімі «Жармақтың» өзіне тікелей қатысты болмаса да, ескерусіз қалмайды. Өйткені әдеби әлемдегі «автор өлімі», яғни автордың кейіпкер тасасына толықтай өтуі Иман Қазақбай туралы естелік пен оның қолжазбасын оқу сәтінде орын алған. Автор марқұммен жақын дос болмаса да, арасында хабар алысып тұратындығымен бастайды. «...Азалы топырақ үстінде өкінішке әрі ризашылыққа толы екі-үш ауыз бақұл сөз айттым, жыл уағы өтпей, бейбақ жесірі де дүние салып еді, әке жолынан аулақ балалары мынау алмағайып заманда тіршілік қамында кетіпті, ала қағаз бетіндегі барлық мұрасына жанашырлық танытқан немере інісі менің қолыма әртүрлі сыпаттағы, тура жарым сандық қолжазба тапсырды»[5]. Бір сөйлемде бірнеше оқиға желісі бірден берілген. Оқушы оқып отырып автор мен марқұмның достық кезіне бір түсіп, әрі қарай марқұмның өмірден өткен уақытына әкеліп, әңгімелеуші адамның сол кездегі темпоралдық ритміндегі өзгерісті көрсетеді. Оқиға ізімен шартты түрде

күйеуі өлген әйелдің жесір атанатынын еске сала кеткен. Оның да қайғы артын суытпай бұл өмірмен қош айтысқандығы, екі бейбақтан қалған балалардың әке мұрасына немқұрайлығы(отбасы мәселесі) мен сан-сарсаққа салынып қолжазбасын жинаған немере інінің ұзын-сонар әрекеті(саяси мәселе), еш үзіліссіз орын алатын бір уақыт шеңберіне сыйғызып жіберген. Аталған бір ғана сөйлемде уақытпен қатар кеңістіктің бірнеше түрі көрініс береді.

Ара-кідік телефондасу – ара-кідік уақыт мөлшерін беріп тұрса, телефондасу, екі жақтың сөйлесу кеңістігін құрайды.

Азала топырақ үстінде – уақыт пен кеңістік бірлігі қатар көрінген тіркес. Қайғылы сәттің шекарасы мен оның орын алған кеңістігінен хабар береді.

Жыл уағы өтпей – әрекеттің орындалу уақыты. Нақтырақ әйелдің қысқа уақыт ішінде дүние салуы.

Алмағайып заман – балалар өмір сүрген уақыт.

Ала қағаз бетіндегі мұра – жазушының бар мұрасы орналасқан кеңістік. Тіркес сонымен қатар ақ қағазға түскен қара сияның сипаты мен көлемінен хабар береді.

Тура жарым сандық қолжазба – қолжазба көлемін қамтитын кеңістік. Қағаз санының көлемі көзбен өлшеліп, жарым сандықпен бекітілген. Бұл сандыққа салып көрсетуді білдірмейді, автордың көз алдында қалған мұраның кеңістік қалпына қалай түскенін көреміз.

Қолжазба тапсырды – алушы мен беруші әрекетінің тоғысу уақыты. Жинақталған мұраның баяншыға берілген уақыты анық көрсетілген.

Шығармада метафизика, этика, эстетиканың байланысы анық байқалады. Қаламгердің кейіпкерлері өздері орныққан ортаның қалтарыстарын, көлеңкелі тұстарын танып білуге ұмтылады[2]. Онысы жарық өшкен сәттен бастау алады. Уақыт шеңберінде жарықтың өшу сипатын Мұраттың таным кеңістігінде орын алған құбылыс береді.

«Бірақ біздің бұл жолғы жарық – бұрын болмағандай. Жарықтың өзінің сөнуі басқаша көрінді. Білте шам сияқты жалп еткен жоқ. Электр шамына тән, үйреншікті жөнімен жарқ еткен де жоқ. Әлдебір тылсым күш жалмап, жұтқандай, шыңырауға, тұңғиққа батқандай, дымсыз жоғалған. Бірден түпсіз түнек орнады.Тілсіз, саңылаусыз, меніреу, шойын қараңғылық. Тыста ай тумаған, аспан бұлтты сияқты. Сол қара аспан төмен құлап, жер бетін тұмшалап басып қалғандай...Терезе сыртқы жалпақ дүниеге емес, тура құрдымға бағытталағандай. Ал отырған үйіңіздің есік қабырғасы жоқ, қараңғылық әлеміне тоғытылған. Төңірек түгел тылсым...»[5]. Жарық өшкенге дейінгі кейіпкердің эмоционалды жай-күйі мен кейінгі өзгерісі, темпоралды ритм қозғалысы анық байқалады. Бастапқы күй: көңілім толып отыр, еңсем көтеріліп отыр, тынысым кеңіген, сенімім артқан; «Түйініп, бекініп, «әуп» демесм де, «алла» демесем де, сергек көтеріліп, орнымнан тұра бергенде жарық өшті». Осы жерде ритм өзгерісі орын алады. Үйреншікті жағдайда көрінетін қалыпты реакция:

«Иә, жарық сөнді. Оқыс ештеңесі жоқ. Тәуелсіздікке жеттік деген беймаза үш-төрт жыл орайындағы үйреншікті жағдай. Шылпара ыдыраған империяның қай тараптағы бөлшегі болмасын, аяқ, қолын жия алмай жатқан...»

Жарықтың өшуі – тоқтаған уақыттың белгісі. Шығармада уақыттың ішінде қозғалысқа түсетін кеңістіктегі заттар әп-сәтте ғайып болған. Кеңістікті сипаттайтын элементтер жоғалған. Олар: орындық, стол, кесе, кесе түбіндегі шай, столдың жиегі, төңкерілетін, шағып алатын бірдеңе, өкшесіз ескі кебіске сұғылған аяқ. Мұратқа тіреу болған негізі үш мекен: орындық, өкшесіз ескі кебіс, линолеум төселген тас еден. Одан кейін жазушы өзін қоршаған кеңістікке өтеді. «..Үйреншікті, нақты дүниенің жалғыз белгісі – астындағы орындық. Және алдындағы стол болса керек. Мен қармаланып, кесе түбінде қалған шайымды ішпек едім. Ештеңе ілінбеді. Кесе түгілі, сол столдың жиегі. Қолымды алға соза бере, іркілдім...

..Бар таянағым – мана сылқ етіп, қайтадан отыра кеткен жалаңаш орындық еді. Бірақ бұлайша, белгісіз, дерексіз қалыпта қала беруге болмады. Орындықпен қоштасуға тура келген. Түрегелдім. Бұл жолы жайлап, қорғалақтап. Сол беті қайыра сыйпаланып едім, орындығым да әлдеқайда жылжып кеткендей...Ендігі тірек, әдепкі әлеммен байланыс – өкшесіз ескі кебіске сұғылған екі аяқ қана. Жер басып тұрмын. Анық. Қара жер емес, үстіне линолеум төселген тас еден...»[5]. Жазушы қоршаған кеңістікті зат, динамикалық қозғалыс толтырып тұр. Кейіпкер қозғалысының өзі бірнеше бөлікке бөлінген. Бірінші қалыпты жағдайдан шыға қоймаған әрекет – кесе түбінде қалған шайды ішуге ұмтылыс; екінші аңтарылу – кесенің де басқаның да жоғалуы; үшінші тосылу – бір нәрсені бүлдіруден қорқып, тежелу; төртінші бөгеліс – кеңістік ішінде қалған өзіне үңілу; бесінші талпыныс – бір орында отыра алмау; алтыншы қозғалыс – түрегелу; жетінші үшінші әрекетке қайта оралу – бүліністен қорқу, тыныштықты бұзудан үрейлену.

Әрі қарай жазушы дәл сол сәттен өткенге шегініс жасайды. Алғашқы сөйлемнен уақыттың осы шақ пен өткен шақ арасындағы қозғалысы қысқа екендігі байқалады. Ұзақтығы бір ғана жарықтың жалп етіп өшу ұзақтығымен тең болуы мүмкін. Ал Мұраттың таным кеңістігінде орын алған уақыт қозғалысы да оны қоршаған уақыт кеңістігіндегі бір сәтке тең бола алады. «..Қалай отырғаным есімде. Газды пеш, кранды астаушаға қарсы. Яғни, шығыс бетке. Одан берірек, көлденең қабырғада шағын ғана, тапалтақ мұздатқыш. Алдымда, айттым, дәл қазір бар-жоғы белгісіз, текше бұрышты, кішкентай ас стол. Оң қол – шығар есік. Микроауданның небәрі сегіз шаршы метрлік үйшік-кухнясы ғой. Енді сол кухнядан, яғни оң жағымдағы еңсіз есіктен өтіп, ащы ішектей тар, бірақ қысқа дәлізбен қарсы қабырғаға дейін жүруім керек. Содан соң тағы да оңға. Менің жұмыс кабинетім. ...Бергі, кухнямен жалғас қабырғада диван-төсек бар. Яғни, жатын бөлmemіз де осы. Әрі қонақжай зал. Алпысты алқымдағанда

осындай кәріп жағдайға жеттік»[5]. Кейіпкер өзінің орналасқан бағытын анық біледі. Оның сипаттайтын мекені – бүтін бір үй емес, жарым үйдің іші. Осыдан кеп романның тақырыбына қатысты элементтер шыға бастайды. Екіге бөлінген үй, екіге айырылған отбасы. Бірақ жазушы бізге белгісіз уақыт межесінде болған бұрынғы қалпын сипаттаудан өткен уақытта орын алған күрделі оқиғаларға оңай өтеді. Кейіпкердің өткені баяндалатын тарихи уақыт пен кеңістікке түседі. «..Бір заманда үш бөлме үй болған. Және үш бала. Және бір әйел. Құдайға тәуба, балалар өсті, кетті. Бала болғанда, түгел қыз. Орындарын тапты, өздерімен өздері. Әйел де... жөнін тапты..» Өткенін осы шаққа айналдырып, тіпті келер шақта орын алуы мүмкін әрекетке бір айналып соғады. «..Қыздың жанашырлығы мол екен, ұлым жоқ деп іштей қамығушы едім. Шынында, осындай азғана көмек болмаса, қара нан, қара шаймен аштан қатуым анық еді. Ал әйелдің көмегінен бас тарттым..» Бұл үзінділер романның бастапқы бөлігі ғана, шығарманың өн бойында ашылмай жатқан тың тұстары қаншама. Автор бір оқиғадан келесі бір оқиғаға оңай, бір кеңістіктен екінші бір кеңістікке бір уақыт ішінде ауысып отырады. Құбылыстың иемденген кеңістігіне сай уақыт межесі де өз бағытын өзгерткен. Адамның дүниетанымы, көзқарасы өмір сүріп отырған ортадағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуал, саяси жағдайға қарай қалыптасады. Өз кезегінде адамды қоршаған кеңістікке қарап, тұлғаның болмысын бағамдаймыз. Ал жеке адамның танымы қалыптастырған көркемдік әлемнің негізі сол адамның басынан өткерген уақыт және кеңістік тәжірибесіне сүйенеді. Тиісінше көркем шығарманың құрылымдық ерекшелігіне назар аударуда, ең алдымен авторлық уақыт пен кеңістік концептісін анықтап алуымыз қажет. Мұхтар Мағауин өмір сүрген уақыт пен кеңістік, оның көркемдік әлемін құруда жетекші рөл атқарған. Соған орай шығармада тарихи уақыт пен кеңістік элементтері(нео-балшабек, дефицит, инфляция, тәуелсіздік, пост-совет, колхоздасу, ашаршылық және т.б) көптеп кездеседі.

Көркем шығарманың автор берген көркемдік әлемі ерекше. Көркемдік әлімнің жеке өзіне тән уақыт және кеңістігі бар екенін жоғарыда атап өттік. Жазушы дәл осы уақыт және кеңістік категориясы арқылы көркем шығарма өмір сүретін ортаны жасап берген. Осы арқылы кез келген оқиға байланысы, кейіпкер әрекеті, қимыл-қозғалыс, тіпті бір орында қозғалыссыз тұрған затты сипаттағанда да дәл уақыт межесінде орындалатын істер арасы белгілі бір уақыт пен кеңістіксіз байланыспайтынын көреміз. Сонымен қатар автордың перцепталды (сезімдік қабылдау уақыты) уақытты бейнелегені байқалады. Кейіпкердің психологиялық, эмоционалды жай-күйінің дәл, ерекше сипатталуы – соның дәлелі. Романдағы оқиғалар желісі көркемдік-тарихи уақыт және кеңістік, мекен секілді ұғымдармен біте қайнасып өрбиді. Уақыттың тоқтауы, кеңістіктегі заттардың жоғалуы, келесі бір уақыта ауысу секілді

қиял-ғажайып құбылыстың көркемдік шындықпен берілуі оқырманды көркемдік әлемге түсіріп, өз шындығына сендіре алған.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ахметова А. Шығарма туралы шынайы рецензия жазылса [Әдебиет порталы]. – 2022. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/sygarmaturaly-synaiy-recenziia-zazylsa_23819
- 2 Алпысбаев Қ. М.Мағауиннің «Жармақ» романы // Әдебиеттану және тіл білімі(26), 2015 — №1.
- 3 Бельгер Г. Мұрат пен Марат.Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы туралы бірер сөз // Отбасы және Денсаулық, 2010 — №9-10.
- 4 Жұртбай Т. Көркем кеңістік пен уақыт және тарихи дәлел. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: академик С.Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. – Алматы, 2002ж.
- 5 Мағауин М. «Жармақ» [Abai.kz]. – 2015. URL: <https://abai.kz/post/50226>
- 6 Темирболат А.Б. Проблема хронотопа в современной прозе: – Учебное пособие. – Алматы, 2003. – 199 с.
- 7 Ханкей Е. М.О.Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік (1920-30 жылдар) Алматы, 2010ж.